

*Ә. А. Абуталиева, тілдік дайындық кафедрасының аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты, полиция капитаны
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)*

ЛЕКСИКАЛЫҚ НОРМА ЖӘНЕ ТЫҢДАУШЫЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІ

Әдеби тілдің қалыптасуы тіл нормаларының ережесі мен ұғымдарға байланысты айту, сөзді меңгеру, сөз қолдану, сөздердің үйлесімділігі мен сөйлемдегі байланысы аймағына тәуелді болып табылады. Сондықтан сөйлеу мәдениетінің тілтану саласы ретінде үш деңгейі бар:

1. Тәжірибелік деңгейде сөйлеу үшін тілдің ауызша және жазбаша нұсқаларының нормасын меңгеру.

2. Әртүрлі жағдаяттарда тілдік құралдарды қолдана білу мен стильдік сөйлеу жанры т. б. игеру.

3. Тіл заңдарына сәйкес нормалық болжам жасай білу.

Сөйлеу мәдениеті тілдік құралдарды таңдап, сұрыптап, белгілі жағдаяттарға сәйкес сөйлеу болып табылады. Ол тілдік норманы негізге алады. Сондықтан тыңдаушылардың сөйлеу мәдениетін дамыта оқыту үшін, ең алдымен олардың тілдік норма туралы түсінігін, мектеп қабырғасынан алған білімін академияда жан-жақты дамыту қажет.

Сөйлеу мәдениетінің нормалық сапасының сақталуы әр сөздің мағынасын ажыратып, орынды қолданумен тығыз байланысты.

Тіл мәдениеті, дұрыс сөйлеу, шешендік өнер туралы ғалымдарымыздың пікіріне тоқталатын болсақ, А. Жапбаров сөз мәдениетінің жоғары болуына мынандай талаптар қояды:

- сөздің жүйелі, анық, түсінікті болуы;
- сөздің тілде орфоэпиялық, грамматикалық, лексикалық нормаларға сай дұрыс құрылуы;

- сөздердің қажет еткенде бейнелі, көркем, эмоциялы болуы;
- сөздердің тыңдаушы немесе оқушының жағдайына, ортаның қажет-тілігіне сай болуы¹. Л. А. Введенская, Л. Т. Павлова, Е. Ю. Кашаевалардың тіл мәдениетіне қойылатын талаптары: 1) бұл — сөздің дәлдігі. Ол пәнді жақсы білуі, ойлау қабілеті мен қажетті сөздерді таңдай білу қабілетімен анықталады; 2) сөздің түсініктілігі сөздік қорға тікелей байланысты; 3) сөздің анықтылығы, яғни шетел сөздерін, кірме сөздерді дұрыс қолдану; 4) сөздің тазалығы, яғни қажетсіз, қыстырма, былапыт сөздердің болмауы; 5) сөздің мәнерлілігі — тыңдаушылардың ойына, ақылына ғана емес, сезіміне де әсер ете білуі; 6) тіл байлығы — туған тілдің байлығын, оны қолдану ерекшелігін қаншалықты білетіндікке байланысты деп саралайды². Білікті ұстаз, зерттеуші Қ. О. Бітібаева оқушылардың сөйлеу мәдениетін жетілдіру, ауызша және жазбаша тіл шеберлігіне баулу мәселесіне, сол бағытта қолданылатын әдіс-тәсілдерге тоқтала отырып, тіл мәдениеті, мәдениетті сөйлеу талаптары бұл — сөйлемнің шұбалыңқы, шашыраңқы болмауы; қыстырма сөздерді, жергілікті жерде ғана пайдаланылатын сөздерді қолданбау; «әй, өй» деп өзіңді, тыңдаушыны да мазалай бермеу; әдепсіз, көргенсіз сөздерді қолданбау; айғайлап, дабырлап, екіленіп сөйлемеу деп атап өтеді³.

Осы сияқты көптеген зерттеушілер, ғалымдар, педагогтардың ой-тұжырымдары мен пікірлерін қарастыра келе, біз тіл мәдениетіне қойылатын талаптарды төмендегідей сараладық:

- сөйлегенде тілдегі дыбыстарды дұрыс, анық айту;
- сөйлеу әуені, қарқыны, дауыс күші мен кідірісті сақтау;
- екпіннің түсуін, үндестік заңын сақтау;
- сауатты, қатесіз жазу;
- жазба мәтінде тыныс белгілерін сақтау;
- әріп таңбаларын дұрыс, түсінікті жазу;
- дұрыс айтып, сөздердің тізбегін табиғи заңдылықтарымен дыбыстау;
- сөйлегенде сөз тұлғаларын, түрленуін сақтау мен қосымша, көмекші сөздерді дұрыс, өз орнында қолдану;
- сөздерді өз мағынасына қарай қолдану және мағыналарын анық біліп отыру;
- сөйлемдерді, әсіресе күрделі ойды білдіретін құрмалас сөйлемдерді дұрыс құрастыру;
- керекті сөзді сөздік құрамның ішінен іріктеп, әдеби вариантын қолдану мен ретсіз енген, баламасы бар кірме сөздерді, жергілікті тілге тән диалектілерді, жаргон сөздерді тұс-тұстан қолданудан қашық болып, реттеп отыру;

- тілдегі ауызекі, ресми іс-қағаздарды, публицистикалық, көркем поэзиялық, ғылыми стильдердің әрқайсысының ерекшелігін сақтап отыру;
- сөйлеу әдебінің сақталуы:
- тілдегі көркемдік құралдары, тіл байлығын, оның мүмкіндіктерін пайдалану;
- сөйлеуде тілдің өз заңдылықтарына қатысты халықтың ұлттық ерекшеліктерін сақтау;
- сөйлегенде ойдың көлемі, мазмұндық құрылымы, хабардың жеткізу жүйесін реттеу.

Осы көрсетілген бір-бірімен түрліше байланысты тіл мәдениетіне қойылатын он алты талаптар арқылы тілімізде "дұрыс" сөйлеуді, қай тұста қандай талап орындалмағанын анықтауға болады.

Тыңдаушылардың тілінде диалектілер мен жаргондарды қолдану жиі ұшырайды. Диалект сөзде өзі өмір сүріп жатқан аймақтағы сөздің әдеби байланысын білмеуден ғана емес, күнделікті қалып кеткен, үйреншікті қатысым дағдыларынан ажырай алмағандықтан болып жатады. Оқытушының міндеті — оның әдеби тіл нормасына жатпайтынын, ал әдеби емес нормаларының сөз мәдениетіне, жалпы адамның болмыс мәдениетіне кері әсер ететінін саналы ұғындыру.

Тілдік нормаларды сөз еткенде тіл салаларының арасындағы өзара байланысқа табан тіреу қажет. Себебі сөз байлығы тек лексикамен шектеліп қоймай, «тілдің морфологиялық, синтаксистік амал-тәсілдері, лексикалық қазынасы бір-бірімен астаса, ынтымақтаса, тіл табыса келіп, тіл байлығын құрайды». Олай болса, тыңдаушының сөзді ойына лайықты түрлендіріп қолдануда сөз тудырушы, сөз түрлендіруші жұрнақтардың, жалғаулардың рөлін білуі, сөздердің еркін және тұрақты тіркестеріндегі ойдың нақтылана, тереңдей түсетінін түсінуі, сөйлем құраудағы сөздердің орын тәртібі мен сол тәртіптен әдейі ауытқу арқылы ойды әсерлеп жеткізудің жолдарын қоса меңгеруі ғана шын мәніндегі сөйлеу мәдениетіне жетелейтін баспалдақтар болып табылады. Бұл жұмыстар стильдің түрлерін өткенде одан әрі тереңдеп, өрісі кеңейе түседі.

Қорыта айтқанда, ауызекі сөйлеу тілі мен жазбаша стильдердің ерекшеліктерін түсіну барысында тілдік құралдардың табиғатын тануға мол мүмкіндік беріледі. Ол әдеби тіл нормасымен байланысты қарастырылады. Соңғы жылдардағы зерттеулерде тілдік норманы іштей жіктелетіні туралы пікірлер пайда болды. Бұл тілді оқыту үдерісінде тыңдаушылардың сөйлеу мәдениетін жетілдіруде қолайлы болуда.

- 1 Жапбаров А. Қазақ тілі стилистикасын оқыту методикасының негіздері. — Алматы, 1991. — 139-6.
- 2 Введенская Л. А., Л. Т. Павлова, Е. Ю. Катаева. Русский язык и культура речи. — Ростов-на-Дону, 2002. — С. 61.
- 3 Бітібаева Қ. О. Әдебиетті оқыту әдістемесі. — Алматы, 1997. — 214-6.